

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2023 жылғы 11 қаңтарда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің бірінші
орынбасары
Р.В. Склярға

Депутаттық сауал

Құрметті Роман Васильевич!

Мемлекет басшысы өзінің бағдарламалық құжаттарында Қазақстанның табиғи байлығын қорғау және сақтау қажеттігіне үнемі ерекше назар аударады. Себебі, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық жағдайды жақсарту - күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе.

Жалпы алғанда, негізгі басымдықтардың бірі - орман алқаптарын сақтап қалу, өйткені орман өсімдіктер мен жануарлар әлемін қамтитын күрделі экожүйе, және ол климатқа, ауыз судың жай-күйіне, ауаның тазалығына әсер етеді.

Алайда, жыл сайын жаңа жылдық мерекелерден кейін еліміздің қоқыс полигондарында мыңдаған шырша ағаштарды табуға болады. Олардың бір бөлігі заңсыз кесіліп, сауда орындарында бақылаусыз сатылады.

Мәселен, 2022 жылғы 15-31 желтоқсан аралығында құқық қорғау органдарының ауқымды жедел-ізвестіру іс-шараларының нәтижелері бойынша:

- 2,5 мыңнан астам шырша ағаштары тәркіленді;
- жарты миллион теңгеге әкімшілік айыппұл салынды;
- 506 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды;
- 18 адамға қылмыстық іс қозғалды.

Бұл Қазақстанда айыппұл санкцияларының мөлшері заң жүзінде ұлғайғанына және құқық бұзушыларды анықтау және оларды қатаң

жауапкершілікке тарту жөніндегі жұмыс күшейтілгеніне қарамастан, ағаштарды кесудің алдын алу бойынша әлсіз жұмысты көрсетеді және біз оның салдарымен жиі күресудеміз.

Сонымен қатар, «АМАНАТ» партиясының 2025 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасында елімізде **2 млрд. ағаш отырғыза отырып, елдегі орман алаңын 500 мың гектарға ұлғайту, сондай-ақ қалаларда 15 млн. ағаш отырғызу** көзделген.

Құрметті Роман Васильевич!

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Сізден мүдделі мемлекеттік органдарға келесі тапсырмаларды беруіңізді сұраймыз:

1. Ормандарды заңсыз кесудің алдын алуға кедергі келтіретін «әлсіз жерлерді» анықтау бойынша нормативтік-құқықтық базаға ревизия жүргізу және сауда орындарында, оның ішінде басқа елдерден әкелінетін ағаштардың саудасын бақылау жөніндегі жұмысты күшейту;

2. Орман қорғау және орман күзету жұмыстарын қолдауды қоса алғанда, жеке орман шаруашылығын мемлекеттік қолдауды ұлғайту мәселесіне ерекше назар аудару;

3. Жергілікті атқарушы органдарға және одан әрі кәдеге жарата отырып, ағаш материалдары мен ағаш кесу қалдықтары үшін орналастыру орнын ұйымдастыру жөнінде жеке тапсырмалар беру.

Депутаттық сауалға заңнамада көзделген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**«АМАНАТ» партиясы
фракциясының мүшелері**

**Е. Абақанов
Қ. Абасов
М. Ахметов
Г. Елеуов**